«Бекітемін»

№ 37 мектеп-лицейінің директоры

_____ Төлеу Г.Д.

Мектеп кітапханасының 2025–2026 оқу жылына арналған аналитикалық есебі

Кітапхана меңгерушісі: К. Бүркітбаева

2025–2026 оқу жылында мектеп кітапханасының жұмысы білім беру үдерісін оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуге, оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Оқу жылының басында барлық оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. **Есепті кезеңдегі кітапхана қоры:** 133 803 дана кітапты құрайды, оның ішінде: оқулық саны – 130 185 дана, көркем әдебиет – 3 618 дана.

Оқырмандар саны – 513 адам.
Келушілер саны – 2052
Кітап берілімі – 4104 дана.

I- тоқсан

I тоқсанда мектеп кітапханасының қызметі оқушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға, білім беру үдерісін оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуге және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталды.

Оқу жылының басында 1–11 сынып оқушыларына оқулықтар таратылып, оқу қорының есебі жүргізілді, сыныптар бойынша бөлінуі ұйымдастырылды және оқулықтардың сақталуына бақылау жасалды. Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100%-ды құрады.

Оқушылармен жұмыс:

Оқу жылының басында оқушыларды кітапхана қызметімен таныстыру мақсатында «Менің сүйікті кітабым» атты экскурсия өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар кітапхана қорымен, кітап пайдалану ережелерімен және өздігінен кітап оқу мүмкіндіктерімен танысты. «ДосболLIKE» жобасы аясында түрлі сынып оқушыларының қатысуымен әңгіме ұйымдастырылып, олар өздерінің сүйікті кітаптары туралы ой бөлісті.

Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тіл – ұлттың жаны» атты тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме мемлекеттік тілді насихаттауға, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және қазақ халқының бай әдеби мұрасымен таныстыруға бағытталды.

Ұлы ақын, ойшыл және ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай 9 «Ә» сынып оқушыларына арналған ақын шығармашылығына шолу өткізілді. Оқушылар ақынның шығармаларымен, философиялық көзқарастарымен және қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесімен танысты.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қызылорда облысы Қазалы ауданының тумасы Орақ Жолмырзаұлы Әлиевпен кездесу ұйымдастырылды. Ғалым 150-ден астам

ғылыми еңбектің, екі монографияның және бірқатар оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Кездесу барысында оқушылар ғалымның өмір жолы, кәсіби жетістіктері мен ғылыми қызметі туралы ақпарат алып, болашақ мамандықты таңдау жөнінде құнды кеңестерге ие болды. «Бір ел – бір кітап – 2026» республикалық акциясы аясында Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» шығармасына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы ақпарат беріліп, аталған шығарма көпшілік оқуға ұсынылды. Акция ұлттық әдебиетті насихаттауға, мәдени мұраны сақтауға және кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталды.

Ата-аналармен жұмыс:

I тоқсан барысында ата-аналармен оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету және олардың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндіру және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілері арқылы ата-аналарға оқулықтарды пайдалану ережелері, оларға ұқыпты қарау қажеттілігі және оқу жылының соңында оқулықтарды тапсыру тәртібі туралы ақпарат жеткізілді. Мектеп кітапхана қорының сақталуына жауапкершілікпен қарау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді.

Мұғалімдермен жұмыс:

Есепті кезеңде кітапхана педагогтерге ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсетті. Сабақтарға, сынып сағаттарына, сыныптан тыс және тәрбие іс-шараларына дайындық барысында әдістемелік, анықтамалық және көркем әдебиеттерді іріктеу бойынша көмек көрсетілді. Атаулы күндерге, мемлекеттік мерекелерге және мерейтойлық даталарға орай білім беру және тәрбие беру жұмыстарының сапасын арттыруға ықпал ететін тақырыптық әдебиеттер мен ақпараттық материалдар топтамалары дайындалды.

II -тоқсан

II тоқсанда кітапхана жұмысы білім беру үдерісін қолдауға және оқушылардың оқырмандық белсенділігін арттыруға бағытталды.

II тоқсан қорытындысы:

- оқырмандар саны – 740
- келушілер саны – 2430
- кітап берілімі – 4360дана.

Оқушылармен жұмыс:

Рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау және сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында 6 «Г» сынып оқушыларына «Кітап – менің алтын қазынам» атты кітапханалық сабақ өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты

оқырмандық мәдениетті қалыптастыру, көркем әдебиетке қызығушылықты арттыру және саналы оқу дағдыларын дамыту болды.

«8 минуттық оқу» жобасы аясында «Өз есіміңнің алғашқы әрпінен басталатын кітапты оқы» Осындай тапсырмалар балаларды кітап оқуға қызықтырып қана қоймай, кітапқа деген йіспеншілікті қалыптастырады, ой-өрісін кеңейтеді

5 «А» сынып оқушыларымен «Менің атым Қожа» кітабының тұсаукесерін (презентациясын) өткізілді . Шара барысында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

6 «А» сынып оқушыларымен Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» шығармасы бойынша таныстырылым өткізілді. Іс-шара барысында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Мәңгілік және өзекті» әдеби челлендж өткізілді . Бұл шара оқырмандарды ақынның сырлы да терең поэзиясымен қайта қауыштырып, рухани әлемін байытуға бағытталған. Челлендж барысында қатысушылар Мұқағали жырларын оқып, ой бөлісіп, оның мәңгілік мұрасының құндылығын сезінеді. Ақын шығармалары – жүрекке жол тауып, ұрпақтан ұрпаққа рухани азық болып келе жатқан асыл қазына.

https://www.facebook.com/share/v/189aiygBaU/
https://www.facebook.com/share/v/1MSzMcQfst/

https://www.facebook.com/share/v/189aiygBaU/

https://www.facebook.com/share/v/182z8Ai6TQ/
https://www.facebook.com/share/v/1FQYu3ugfG/
https://www.facebook.com/share/v/1C9qfFXGxZ/

Ата-аналармен жұмыс:

Отбасылық кітап оқуды насихаттау мақсатында ата-аналар «Отбасымен кітап оқу – игі дәстүр» атты акцияға белсенді қатысты. Акция аясында ата-аналар мен балалардың үй жағдайында бірге кітап оқуы туралы фото және бейнероликтер дайындалды. Мұндай жұмыс түрлері ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтуға, отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыруға және балалардың кітапқа деген тұрақты қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

https://www.facebook.com/share/p/1BwiUTunN5/
https://www.facebook.com/share/v/1b8HLxbTMd/

Мұғалімдермен жұмыс:

Мұғалімдерге «8 минуттық оқу» жобасы аясында көркем әдебиеттерді іріктеу бойынша ақпараттық қолдау көрсетілді. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес кітаптар ұсынылып, оқу мәдениетін дамытуға бағытталған әдістемелік көмек берілді.

III – тоқсан

Оқырмандар саны – 920 адам.
Келушілер саны – 2899
Кітап берілімі – 7697дана

Оқушылармен жұмыс:

III тоқсанда кітапхана оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастырды. Әсіресе әдеби онкүндікті өткізуге, Халықаралық кітап сыйлау күні аясындағы іс-шараларды ұйымдастыруға және отбасылық кітап оқуды насихаттауға ерекше көңіл бөлінді.

Маңызды іс-шаралардың қатарында «Жүректен шыққан жырлар» атты мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқау оқушылардың көркемсөз оқу шеберлігін жетілдіруге, поэзияға деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды.

«Кітап және цифрлық әлем» атты кітапханалық сабақ барысында оқушылар кітаптың дәстүрлі және электронды түрлерімен танысып, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану жолдары туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар, «Менің сүйікті журналым» атты таныстырылым ұйымдастырылып, оқушылар мерзімді басылымдардың мазмұны мен маңыздылығы туралы пікір алмасты.

«Кітап – білім бұлағы» атты зияткерлік күн аясында әдеби викторина өткізіліп, қатысушылар өз білімдерін сынап, әдеби шығармалар бойынша сұрақтарға жауап берді. Ал «Оқыдым — саған да ұсынамын!» челленджі оқушылардың оқыған кітаптары туралы ой бөлісіп, бір-біріне кітап ұсынуына мүмкіндік берді.

Өткізілген іс-шаралар оқушылардың оқырмандық белсенділігін арттыруға, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға, кітап пен оқуға деген қызығушылығын нығайтуға бағытталды.

https://www.facebook.com/share/v/1G88vfhC2K/
https://www.facebook.com/share/v/1JGw9dH96y/
https://www.facebook.com/share/v/1C7J91L8AT/?mibextid=wwXIfr
https://www.facebook.com/share/v/1B9m97dSWf/

https://www.facebook.com/share/p/1Ae8DxYNsw/

Ата-аналармен жұмыс:

Ата-аналармен ынтымақтастық аясында «Кітап сыйла» акциясы өткізілді. Акция нәтижесінде кітапхана қоры 44 дана кітаппен толықтырылды. Ата-аналар отбасылық кітап оқуды насихаттауға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысып, балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға өз үлестерін қосты.

Ата-аналармен тығыз ынтымақтастықтың нәтижесінде әр сыныпта сыныптық кітапханалар ұйымдастырылып, оқушылардың кітапқа қолжетімділігі артты. Бұл өз кезегінде балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын дамытуға және оқырмандық мәдениетін қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде оқушылар арасында көркем әдебиет, қазақстандық авторлардың шығармалары, сондай-ақ балаларға арналған журналдар мен энциклопедиялық басылымдар жоғары сұранысқа ие екендігі анықталды. Сонымен қатар, кітапхананың тұрақты оқырмандарының саны артқаны байқалды.

https://www.facebook.com/share/p/1BwiUTunN5/
https://www.facebook.com/share/v/1B9m97dSWf/

Мұғалімдермен жұмыс:

Оқу жылы бойы мектептің педагогикалық ұжымымен тығыз байланыс орнатылып, білім беру үдерісіне ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсетілді. Пән апталықтарын, тәрбие іс-шараларын, сынып сағаттарын және сыныптан тыс жұмыстарды өткізу үшін тақырыптық көркем әдебиеттер, ғылыми-көпшілік және әдістемелік әдебиеттер топтамалары дайындалып, ұсынылды. Бұл материалдар оқытылатын тақырыптарды тереңірек ашуға және оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Педагогтерге кітапхана қоры мен электрондық білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану мәселелері бойынша кеңестік көмек көрсетілді.

Каникул кезеңінде кітап оқуды насихаттауға ерекше көңіл бөлінді. Көктемгі демалыс кезінде педагогтер үшін көркем және танымдық әдебиеттерден тұратын ұсынымдық тізімдер енгізілген гайдбуктер әзірленіп, рәсімделді. Ұсынылған басылымдар оқушылардың оқу көкжиегін кеңейтуге, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Дайындалған материалдарды сынып жетекшілері оқушылар мен олардың ата-аналарына ұсынымдық жұмыстар жүргізу барысында пайдаланды.

IV – тоқсан

Оқырмандар саны – 305 адам.
Келушілер саны – 1 539
Кітап берілімі – 2959 дана

Оқушылармен жұмыс:

IV тоқсанда кітапхана жұмысы оқу жылының қорытындысын шығаруға, оқулықтарды қабылдау жұмыстарын ұйымдастыруға және Ұлттық кітап күні аясында кітап оқуды насихаттауға бағытталды.

Қазақ әдебиетінің поэзиялық мұрасын дәріптеу мақсатында балалар жазушысы Толымбек Әбдірайыммен шығармашылық кездесу өткізілді. Кездесу барысында жазушы өз шығармашылығы туралы әңгімелеп, туындыларының жазылу тарихымен бөлісті және оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Бұл кездесу оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, әдеби-танымдық көкжиегін кеңейтуге ықпал етті.

Кітапхана жұмысында бастауыш сынып оқушыларына ерекше көңіл бөлінді, өйткені дәл осы кезеңде кітапқа деген сүйіспеншілік қалыптасып, алғашқы оқырмандық қызығушылықтар дамиды. Тоқсанның жарқын іс-шараларының бірі «Кітап кейіпкерлері балалар көзімен» атты сурет байқауы болды. Байқауға қатысушылар өздерінің шығармашылық жұмыстары арқылы оқыған кітаптарынан алған әсерлерін бейнелеп, сүйікті әдеби кейіпкерлерінің образдарын қағаз бетіне түсірді. Балалардың суреттерінен ұйымдастырылған көрме кітапхананың көркін арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармаларды қаншалықты терең түсініп, қабылдай алатынын көрсетті.

Оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастыру және каникул кезеңінде кітап оқуға деген қызығушылығын сақтау мақсатында көркем және танымдық әдебиеттерден тұратын ұсынымдық әдебиеттер тізімі дайындалды. Ұсынылған әдебиеттер қатарына отандық және қазақ авторларының шығармалары енгізіліп, олар оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруге және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

https://www.facebook.com/share/v/18e9diFPV2/
https://www.facebook.com/share/v/1CSPy1imVo/
https://www.facebook.com/share/v/1JGw9dH96y/

Ата-аналармен жұмыс:

Балаларды оқуға баулу және отбасылық дәстүрлерді сақтау мақсатында кітапханада «Менің сүйікті ертегілерім» атты іс-шара ұйымдастырылды.

Құрметті қонақтар ретінде оқушылардың әжелері шақырылып, кітапханаға келіп, балалармен өздерінің бала кезінен жақсы көретін ертегілерімен бөлісті.

Жылы әрі әсерлі атмосферада әжелер халық ертегілерін айтып, балаларды адамгершілікке, адалдыққа, үлкендерді құрметтеуге және туған сөзге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтін тағылымды оқиғалар мен кейіпкерлермен таныстырды.

https://www.facebook.com/share/v/1BQKc4rkDP/
https://www.facebook.com/share/v/1JGw9dH96y/
https://www.facebook.com/share/v/1C7J91L8AT/?mibextid=wwXIfr

Мұғалімдермен жұмыс:

Сыныптар бойынша оқырман белсенділігі мен оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейіне талдау жүргізілді. 2026–2027 оқу жылына арналған оқу әдебиеттеріне қажеттілік туралы мәліметтер дайындалды.

Жоспарланған барлық іс-шаралар толық көлемде орындалып, қойылған мақсаттарға қол жеткізілді. Кітапхана жұмысы оқушылардың оқырмандық белсенділігін арттыруға, кітап пен оқуға тұрақты қызығушылық қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге және ақпараттық мәдениетін дамытуға ықпал етті.

Жылдық қорытынды:

Оқырмандар	I – тоқсан	II – тоқсан	III – тоқсан	IV – тоқсан	Жалпы	пайыз
Оқушылар	513	740	920	305	2478	69,9 %
Ата-аналар	92	10	15	12	129	3,6 %
Мұғалімдер	21	37	33	47	138	57,9 %

Проблемалық мәселелер

1. Оқушылардың бір бөлігінің көркем әдебиет оқуға қызығушылығының жеткіліксіздігі.
2. Жоғары сынып оқушыларының оқырмандық белсенділігінің төмендеуі.
3. Балалардың оқу мәдениетін қалыптастыруға ата-аналардың жеткілікті деңгейде тартылмауы.
4. Мұғалімдердің үлесі төмен, кәсіби оқу төмен.

2026–2027 оқу жылына арналған шешу жолдары

Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру арқылы мектептің оқу көрсеткішін 5 % тармаққа жоғарылату.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

1. «Тоқсанда 10 кітап оқы» челленджін ұйымдастыру.
2. Жазушылармен және ақындармен шығармашылық кездесулер өткізу.
3. «Ең көп оқитын сынып» байқауын ұйымдастыру.
4. «8 минут оқу» жобасын жалғастыру.
5. Кітаптар туралы мектептік подкаст немесе блог жүргізу.
6. «Оқыдым – өзгеге ұсын» буккроссинг акциясын ұйымдастыру.
7. Жыл соңында үздік оқырмандар мен ең белсенді сыныптарды марапаттау.

Ата-аналардың оқу белсенділігін 10 % арттыру мақсатында отбасылық кітап оқуды насихаттау және ата-аналарды кітапхана жұмысына белсенді тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

1. «Оқитын отбасы» жобасын ұйымдастыру.
2. «Оқыдым – өзгеге ұсын» буккроссинг (кітап алмасу) акциясын өткізу.
3. Ата-аналардың оқырмандық қызығушылықтары мен сұраныстарын анықтау мақсатында Google Forms платформасы арқылы сауалнама жүргізу.
4. «Кітап сыйла» акциясына ата-аналарды тарту.
5. Мектептің әлеуметтік желілері мен ата-аналар чаттарында кітап оқу бойынша ұсынымдар жариялау.
6. Белсенді оқырман отбасыларды Алғыс хаттармен және марапаттармен ынталандыру.

3 **Мұғалімдердің** кітапхана ресурстарын пайдалану белсенділігін арттыру, кәсіби оқу мәдениетін дамыту және оқу көрсеткішін кемінде 6% жоғарылату.

1. Мұғалімдерге арналған ұсынылатын кәсіби әдебиеттер тізімін әзірлеу.
2. Мұғалімдердің оқу қызығушылықтары мен сұраныстарын анықтау мақсатында Google Forms платформасы арқылы сауалнама жүргізу.
3. QR-кодтар арқылы әдістемелік материалдарға және кәсіби әдебиеттерге жылдам қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Тақырыбы: Мұғалімдердің кәсіби оқу қызығушылықтары мен сұраныстарын анықтау

1. Кітапхана қорындағы әдебиеттер оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп санайсыз ба?
2. Сабақ барысында немесе сыныптан тыс жұмыстарда кітапхана ресурстарын қаншалықты жиі пайдаланасыз?
3. Кітапхана арқылы қандай қолдау түрін алғыңыз келеді?

Тақырыбы: Ата-аналардың оқу қызығушылықтары мен сұраныстарын анықтау

1. Балаңызбен бірге кітап оқисыз ба? Қандай әдебиеттерді оқуға қызығасыз?
2. Мектеп кітапханасынан қандай қолдау күтесіз?
3. «Оқитын отбасы» жобасына қатысуға қызығушылық танытасыз ба?